БОЛАШАҒЫНАН ҮМІТ КҮТТІРЕР ЖАС ДАРЫН

«Көше қылысы», «Соңғы жапырақ», «Ауыл көрінісі», «Жаңбырлы кеш», «Қысқы Ертіс»... Бұл - жас суретші Зура Мейрамқызы Асылғазинаның алғашқы жеке кескіндеме көрмесіне қойылған тырнақалды туындылары. Аталмыш көрме С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың «Айна» галереясында ұйымдастырылды. Жас суретшіні аймағымыздың белгілі қылқалам шеберлері, шәкірттері, туыс-туғандары мен әріптестері құттықтай келіпті.

Жас қылқалам шебері Зура Асылғазина - әдебиет сүйер қауымға кеңінен танымал әрі халықтың ілтипатына бөленген жерлес дарынды жазушы Мейрам Асылғазиннің қызы. Әкесі әдебиет әлемінде өшпес із қалдырды, ал оның шығармашылық жолын өмірінің жалғасы - қызы өзге қырынан сабақтастырып жатқандай. Олай дейтініміз, Мейрам Асылғазиннің «Ауылдастар», «Өзгеше бір күн», «Ілірім», «Ер еңбегімен еңсөлі» атты кітаптары мен Зураның алғашқы жеке көрмесінде қойылған көркемсурет туындыларының үндестігі жиылған қауымның бірден көзіне түсті. Мұны көрмеге келген туыс-туғандары да тілге тиек етті. Кішкентай кезінде болашақ суретші «әкем әңгіме жазса, мен оның суретін қағазға түсіремін» дейтін көрінеді. Бала арманы орындалды. Міне, бүгін жеке шығармашылық көрмесін ұйымдастыру дәрежесіне жетті.

Көрмеге суретшінің 2006-2009 жылдар аралығында дүниеге келген ең таңдаулы 12 туындысы қойылды. Күнделікті өмір мен табиғат құбылыстарынан сыр шерткен туындылары пейзаж, портрет жанрларында жазылған. Суреттер арасында Зураның асқар тауы - әкесінің де портреті бар. Оның майлы бояумен кенепке салған әрбір суреті тазалықтың, пектіктің, нәзіктіктің нышаны іспеттес. Мұны кәсіби суретші аға буын да, жастар да байқағандарын айтты.

- Көрмеге қойылған туындылары аз болса да, саз. Себебі Зура қарындасымыздың бояулар үйлесімділін дәл таба білгені байқалады. Ішкі жан дүниесін сыртқа шебер шығара білген. Жалпы жас суретшінің шығармаларын бұған дейін де әртүрлі көрмелерден байқап жүрдік. Бір сөзбен айтқанда, ол - болашағынан үміт күттіретін талантты өнер иелерінің бірі. Зура әрбір сәтті шынайы, әсерлі түрде қағазға түсіруде шеберлік таныткаңы көрініп тұр. Енді оған қылқалам өнерінің биігінен көріне берсін демекпіз, - дейді Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ғалым Қаржасов.

- Зура Мейрамқызы кішкентайынан сурет салуға құштар болады. Орта білім беру мектебін аяқтаған соң, Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика университетінің «Бейнелеу өнері» факультетіне оқуға түсіп, мұнда сурет өнерінің қыр-сырын меңгеруге мықтап кіріседі.

- Сурет салуға кәсіби тұрғыдан студенттік кезімде келдім. Айналамдағы табиғат құбылыстары, яғни күннің атуы, оның қызара

ұясына кіруі, жаңбырдың жаууы... бәрі-бәрі сурет өнеріне деген махаббатымды арттырып, шабыт береді, - дейді Зура Асылғазина. - Ал жылдар бойы шеберханадан шықпай, дүниеге өкелген туындыларымды - халық назарына ұсыну өзінше бір серпіліс беріп, қуаныш сыйлайды екен. Сондықтан ұйымдастыруға мұрындық болған кітапхана ұжымына алғыс білдіремін.

Жас талант 2004 жылдан бері әртүрлі көркемсурет көрмелеріне тұрақты түрде қатысып келеді. Мәселен, «Қыз-кектем», «Сотворение» әйелдер көрмесінде, I халықаралық «Балдәурен-2009» суретшілер симпозиумында, «М'Арт» облыстық жас суретшілер көрмесінде туындылары өнер сүйер қауым назарына ұсынылған. Сондай-ақ Астана күніне арналған республикалық суретшілер көрмесіне де атсалысты.

Бүгінде жас қылқалам шебері сурет салумен қатар С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде ұстаздық етуде. Осындағы «Сәулет және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы. Ол шәкірт тәрбиелеуде ең бастысы сапалы білім беруге көңіл бөлетінін айтты. Студенттерге табиғатты, қоршаған ортаны сүюдің маңызын түсіндіруден жалықпайды. Себебі табиғатты сүйе білген адамның жаны да таза, туындысы да әсерлі болады, дейді жас суретші. Зура Асылғазина жас ұрпақты әдемілікке, тазалыққа тәрбиелеуде осындай көрмелердің маңызы зор екендігін тілге тиек етті.

Суретшінің анасы Қалима Асылғазина қызының осы өнерге деген сүйіспеншілігін айтты, ағаларының жолын беріп, алған бетінен қайтпай, биіктерден көрінуіне тілектестік білдірді.

Қос саланы, яғни ұстаздық пен суретшілікті қатар ұстап жүрген қазақтың қайсар әрі бойы қарапайымдылыққа тұнып тұрған қыздарының бірі - Зура Асылғазинаның алғашқы тырнақалды көрмесі көрермендерінің оң бағасын алды. Демек, алдағы асулары да биік болатыны анық. Себебі ол - тектінің ұрпағы.

Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ.

Суреттерді түсірген Төлеген Нұрғазы.